

В ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» РАБОТАЮТ ПОРЯДКА 27 ТЫСЯЧ ЧЕЛОВЕК. ЕСЛИ УЧИТЫВАТЬ ЧЛЕНОВ ИХ СЕМЕЙ, ЭТО БОЛЕЕ 100 ТЫСЯЧ ЧЕЛОВЕК. ПОЭТОМУ СОБЛЮДЕНИЕ ЗАКОНА, ТРЕБОВАНИЙ БЕЗОПАСНОСТИ И КОРПОРАТИВНОЙ ДИСЦИПЛИНЫ – ЭТО ОТВЕТСТВЕННОСТЬ КАЖДОГО ИЗ НАС НЕ ТОЛЬКО ПЕРЕД КОМПАНИЕЙ, НО И ПЕРЕД ТЫСЯЧАМИ СЕМЕЙ, БЛАГОПОЛУЧИЕ КОТОРЫХ ЗАВИСИТ ОТ СТАБИЛЬНОЙ РАБОТЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА.

Асан УМБЕТОВ,
генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»



№64 (3211)
14/08/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



ОРТА ДӘЛІЗ КӘСІПОДАҒЫН ДАМЫТУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

11-12 тамыз күндері Астанада Орталық Азия көлік кәсіподақтары және Транскаспий халықаралық көлік дәлізі басшыларының қатысуымен ТХКБ кәсіподақтарын дамыту туралы Халықаралық көлік қызметкерлері федерациясының (ITF/ХКҚФ) стратегиялық жиыны өтті.



Сұлғұл БАКЕСОВА,
Астана

Екі күнге созылған басқосудың мақсаты – ХКҚФ өсімін күшейту, ТХКБ немесе Орта дәліз бойында Орталық Азияда кәсіподақ ынтымақтастығын және трансшекаралық үйлестіруді дамыту, лайықты еңбекті, қауіпсіз және тұрақты теміржол көлігін ынталандыру, сондай-ақ аймақтық көліктік және логистикалық жеткізу тізбегінде жұмысшылардың өкілдігін арттыру. Алдымен сөз алған ХКҚФ-ның жерүсті көлігі жөніндегі директоры Шон Сэйер стратегиялық жиналысты өткізуге нәліктен Қазақстан мемлекетін таңдағанын атап өтті.

– Біріншіден, Қазақстан – әлемдегі алғашқы интеграцияланған халықаралық теміржол жүйелерінің бірі және жаһандық ХКҚФ отбасының аса маңызды мүшесі. Екіншіден, бұл –



көлік саласына әлемдегі ең ірі инвестициялар тартылып жатқан Орталық Азия өңірі. Бұл – барлық елдер үшін басым бағыттардың бірі. Ал бүгін осындай маңызды жиында Еуразияның түкпір-түкпірінен – Еуропадан, Азиядан және Азия-Тынық мұхиты өңірлерінен келген өкілдермен бірге бір үстел басында отырғанымыз зор құрмет дер едім. Бұл бүкіл әлемдегі көлік қызметкерлерінің ынтымағын көрсетеді, – деді мәртебелі мейман.

Өз кезегінде «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев қонақтарға ілтпатап білдіре отырып, екі күнге созылатын жиынның қатысушылар үшін мән-мағынасы, маңызы зор екенін мәлімдеді.

– Бүгінгі кездесуге сіздердің қатысуларыңыз

көлік саласы қызметкерлерінің еңбек құқықтарын қорғау, әлеуметтік диалогты дамыту мәселелерінің аса маңызды екенін айқын көрсетеді. Дәл осындай халықаралық ынтымақтастықтың арқасында біз жаңа сын-қатерлерге бірлесе жауап бере аламыз. Бұл – көлік саласындағы өзгерістерге, қайта құрылымдауларға және көлік қызметкерлерінің мүдделеріне қатысты жаңа сын-қатерлер, – деді О.Ахметбаев.

Дөңгелек үстел барысында қатысушылар ағымдағы жағдай, ұйымдастыру басымдықтары, салалық міндеттер, аймақтық ынтымақтастық пен шекаралық кәсіподақтардың жұмысын үйлестіруді нығайту перспективалары туралы ақпараттармен бөлісті.

(Жалғасы 2-бетте)

НАГРАДИЛИ ПОБЕДИТЕЛЕЙ



Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Елжас Отыншев провел торжественную встречу со сборной командой железнодорожников, на которой лично поздравил и наградил спортсменов с блистательной победой в XI Республиканской спартакиаде АО «Самрук-Қазына». Он вручил чемпионам нагрудные знаки «Ерлігі үшін», а остальным призерам – почетные грамоты от председателя правления ҚТЖ.

Сборная ҚТЖ в третий раз подряд завоевала главный Кубок соревнований, подтвердив статус несменяемых титанов отечественного корпоративного спорта и став абсолютным победителем Спартакиады. Работники стальной магистрали продемонстрировали железную волю, превосходство и стальной характер в каждом виде спорта, завоевывая победы в финальных противостояниях и оставив далеко позади соперников в общекомандном зачете.

В копилке сборной ҚТЖ – 27 медалей различного достоинства: золото – девять наград, серебро – 13, бронза – пять наград.

В ходе церемонии награждения было отмечено, что этот триумф стал ярким доказательством простой истины: когда многотысячный коллектив железнодорожников действует как один единый, мощный и слаженный механизм – он абсолютно непобедим. Честь компании на Спартакиаде защищали 88 лучших спортсменов-железнодорожников.

Елжас Отыншев лично вручил заслуженные награды триумфаторам соревнований. Он поблагодарил спортсменов за высокий профессионализм, самоотдачу и волю к победе, подчеркнув, что спортивные достижения работников магистрали укрепляют корпоративный дух и мотивируют весь коллектив на достижение новых производственных высот.

АО «НК «КТЖ» сформировало настоящему мощную, сплоченную и географически уникальную команду. В ее состав вошли представители из Астаны, Алтынкөля, Уральска, Караганды, Экибастуза, Атырау, Актобе, Павлодара, Усть-Каменогорска, Костаная, Мангистау, Жамбыла, Алматы и Семей.

Алуа ТЛЕУБАЙ

ТАҒЫ БІР ВОКЗАЛ ЖАҢАРДЫ



Түркістан облысында жаңғыртудан кейін Түлкібас станциясының теміржол вокзалы ашылды. Салтанатты шараға «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және өңір әкімдігінің өкілдері, сала ардагерлері мен қала тұрғындары қатысты.

Жоба аясында құрылыс-монтаждау жұмыстарының кешені орындалды. Шатырды монтаждау, ғимараттың сыртқы және ішкі әрлеуі, кәріз, сумен-жылумен және электрмен жабдықтау инженерлік желілерін жаңарту, перрон мен іргелес аумақты жайластыру, сондай-ақ жабдықтар мен жиһаздарды монтаждау жұмыстары атқарылған. Қайта құрудан кейінгі ғимараттың жалпы ауданы 878,54 шаршы метрді құрайды, жертелесі жоқ екі қабатты ғимарат.

Вокзалдың ішкі жағы заманауи жабайтын материалдармен безендірілген. Сәндік әрлеу, дыбыс оқшаулағышы бар тірек төбелер және тозуға төзімді еден жабындары қарастырылған, бұл жолаушылар үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Түлкібас вокзалының ғимараты 1916 жылы салынған. 3 класты вокзал күн сайын орта есеппен 312 жолаушыға қызмет көрсетеді. Станция арқылы Қазақстанның ірі қалалары – Алматы, Шу, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызыл- орда, Қандыағаш, Орал, Ақтөбе, Семей, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Бұрабай курорты, Астана, Павлодар, Петропавл, Маңғыстау және Бейнеу қалаларымен, сондай-ақ Ресеймен және Өзбекстанмен қатынауды қамтамасыз ететін 30 жолаушылар пойызы қатынайды.

Ұлан ОРАЗ, Шымкент

Актуально

ЛОКОМОТИВНЫЙ И ПАССАЖИРСКИЙ ПАРК ПРОИНСПЕКТИРОВАН

Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Елжас Отыншев совершил ознакомительную рабочую поездку в технический парк станции Астана. В ходе визита руководителю компании доложили о текущем состоянии локомотивного парка и парка пассажирских вагонов.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

В техническом парке станции Астана председателю правления ҚТЖ презентовали актуальную структуру подвижного состава компании. На сегодняшний день общий локомотивный парк ҚТЖ насчитывает 1 813 единиц, включая 783 магистральных тепловоза, 574 магистральных электровоза, 456 маневровых тепловозов.

Председателю правления доложили

об оснащенности, технических характеристиках и возможностях современных моделей тягового подвижного состава, в том числе о моделях: ТЭ36А, ТЭ33АС, ТЭП33А, КЗ6А, КЗ4АТ и СКД6С. Отмечено, что модернизация и цифровизация локомотивов позволяют существенно повысить энергоэффективность грузовых и пассажирских перевозок.

Кроме этого, руководитель компании ознакомился с парком пассажирских вагонов и провел обход новых вагонов



RWS Wagon. Парк пассажирских вагонов составляет 2 139 вагонов, из них 426 вагонов RWS Wagon, 737 вагонов «Тулпар-Тальго» и 615 пассажирских вагонов других типов, среди них ТВЗ, КНР и другие.

Стоит отметить, что стратегическая задача компании – обновить пассажирский вагонный парк на 100% до 2030 года.

ОТ ГРАНИЦЫ – К НОВЫМ МАРШРУТАМ

Казахстан и Узбекистан рассматривают новые возможности для увеличения грузопотоков и более эффективного использования транспортно-логистической инфраструктуры. В центре внимания – развитие маршрута Китай – Казахстан – Узбекистан, расширение пропускных и терминальных мощностей, а также совершенствование механизмов обработки и дальнейшего следования грузов.

10-11 августа представители транспортных ведомств двух стран провели рабочий обезд объектов транспортно-логистической инфраструктуры на казахстанско-китайской границе. Поездка состоялась в рамках реализации договоренностей, достигнутых по итогам 23-го заседания Совместной межправительственной комиссии по двустороннему сотрудничеству между Казахстаном и Узбекистаном, сообщает Министерство транспорта РК.

Делегация возглавила вице-министр транспорта Республики Казахстан Жанибек Тайжанов и первый заместитель министра транспорта Республики Узбекистан Маманбий Омаров.

В ходе рабочей поездки узбекская делегация посетила железнодорожную станцию Алтынколь, терминал «Кедентранссервис», сухой порт «KTZE-Khorgos Gateway», а также специальную экономическую зону «Хоргос – Восточные ворота».

На объектах узбекской стороне продемонстрировали действующую систему приема, обработки и перевалки грузов, поступающих из Китая, возможности железнодорожной и терминальной инфраструктуры Казахстана, а также орга-



низацию дальнейшей отправки грузов по международным транспортным маршрутам.

Особое внимание стороны уделили перспективам увеличения грузопотока по направлению Китай – Казахстан – Узбекистан. В частности, обсуждались вопросы повышения пропускной способности железнодорожной инфраструктуры на казахстанско-узбекской границе, расширения терминальных возможностей и более эффективного использования действующих логистических объектов.

Кроме того, стороны рассмотрели развитие международных транспортных коридоров и создание дополнительных условий для роста транзитных перевозок. Практическое ознакомление с инфраструктурой на казахстанско-китайской границе позволило



узбекской стороне оценить возможности приема и дальнейшего продвижения грузов из Китая в направлении Узбекистана.

По итогам рабочей поездки Казахстан и Узбекистан договорились продолжить предметную проработку совместных инициатив, направленных на увеличение объемов перевозок, развитие терминальной инфраструктуры и укрепление транспортно-логистической взаимосвязанности двух стран.

Работа в этом направлении будет продолжена с учетом ранее достигнутых межправительственных договоренностей и перспектив дальнейшего расширения грузовых перевозок по маршруту Китай – Казахстан – Узбекистан.

Айлин БАУРЖАН



Әбдірахман СЫРҒАБАЕВ,
Қызылорда сигнализация және байланыс дистанциясының бастығы:

БҮГІНГІ ТАҢДА ТЕМІРЖОЛ АВТОМАТИКАСЫ МЕН ТЕЛЕМЕХАНИКА ЖҮЙЕЛЕРІН ЦИФРЛАНДЫРУ – ПОЙЫЗ ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕН ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ. СОНДЫҚТАН ЦИФРЛЫҚ АППАРАТУРАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МЕН ЖӨНДЕУ КЕЗІНДЕ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА ТАЛАПТАРЫНЫҢ БҮЛЖЫТПАЙ САҚТАЛУЫ БАСТЫ НАЗАРДА ҰСТАЛУЫ ТИІС. СОБ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНЫҢ СЕНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАУ МАҚСАТЫНДА БІЗ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ЖИЫНДАРЫН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ӨТКІЗІП ТҰРАМЫЗ.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СБОРНАЯ ҚТЖ В ТРЕТИЙ РАЗ СТАЛА ПОБЕДИТЕЛЕМ XI РЕПУБЛИКАНСКОЙ СПАРТАКИАДЫ АО «САМУРК-ҚАЗЫНА», ЗАВОЕВАВ

27
МЕДАЛЕЙ.

С СЕНТЯБРЯ 2025 ГОДА ПО 30 ИЮЛЯ 2026 ГОДА ЭКСПОРТ ЗЕРНА И МУКИ В ЗЕРНОВОМ ЭКВИВАLENTE СОСТАВИЛ

13,9 млн тонн.

ПО СОСТОЯНИЮ НА 5 АВГУСТА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ ПРОВЕЛИ АКЦИЮ «БЕЗОПАСНЫЙ ПЕРЕЕЗД» НА

53

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕЕЗДАХ.

ҚҰРЫЛТАЙ ҮМІТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



ЖИЫН

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да «Әділет» партиясы өкілдерінің алдағы Құрылтай сайлауына қатысты үгіт-насихат жұмыстарына орай теміржолшылармен кездесуі өтті. Спикерлер аталған партияның сайлауалды бағдарламасын таныстырып, сұрақтарға жауап берді.



Жиынға компания Басқарма төрағасының орынбасары Марат Шакинов қатысып, қазіргі таңда еліміз үшін маңызды Құрылтай сайлауына дайындық жүріп жатқан кезеңде бұл оқиғадан теміржолшылар да тыс қалмай, Қазақстанның азаматы ретінде парызын орындап, сайлауға қатысуы маңызды екенін жеткізді.

– Бұл сайлау әр азаматқа өз таңдауын жасап, еліміздің одан әрі дамуына қатысты көзқарасын білдіруге, мемлекет болашағын қалыптастыруға өз үлесін қосуға мүмкіндік береді. Темір жол – Қазақстанның экономикалық тұрақтылығы мен өңірлер арасындағы байланысты қамтамасыз ететін стратегиялық сала. Сондықтан ҚТЖ ұжымы үшін елдің тұрақты дамуы, еңбек адамының мүддесін қорғау және қоғам алдындағы жауапкершілік сезімі ерекше мәнге ие. Сол себепті алдағы сайлауда әрбір азаматтың өз ұстанымын білдіріп, саяси науқанға белсенді атсалысуы маңызды, – деді ол.

Кездесу аясында кандидаттар көлік-логистика саласының қызметкерлерін еңбек адамының құқығын қорғауға, әлеуметтік қолдауды күшейтуге, т.т. бағытталған өздерінің ұстанымын егжей-тегжейлі таныстырды. Сондай-ақ Құрылтай сайлауына қатысуының маңыздылығын атап өтіп, кандидаттарға сындарлы диалог үшін алғыс айтты.

Суретті түсірген автор

АРНАЙЫ ПОЙЫЗ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана



ЖОБА

Қазақстанда алғаш рет есірткіге қарсы пойыз іске қосылды. Астана – Бурабай бағыты бойынша жолға шыққан пойызда тәртіп сақшылары жолаушы халықты есірткіден бас тартуға шақырып, ситуациялық жағдайда көмек беретін қызметтер туралы ақпаратпен бөлісетін болады.

«Астана – есірткісіз қала!» ерекше жобасын Астана қаласының полиция департаменті мен Көліктегі полиция департаменті «Жолаушылар тасымалы» АҚ, Елорда әкімдігі және «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы еріктілерінің қолдауымен ұйымдастырды.

Пойыз 12 тамызда «Нұрлы жол» вокзалынан жолға шықты. Алдымен вокзалдың күту залында полицейлер, еріктілер, спортшылар және қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен «Астана – есірткісіз қала!» акциясы өтті. Вагондардың сырты мен іші есірткіге қарсы материалдармен безендірілген. Олар заңды сақтауға, есірткіден бас тартуға және салауатты өмір салтын ұстануға шақырады.

Пойыз күн сайын жүреді. Ұйымдастырушылар профилактикалық бағыттағы ақпарат беру акциясы тек бір күнмен шектеліп қалмайтынын айтады. Жолаушыларға сенім телефондары мен көмек сұрауға болатын қызметтердің байланыс деректері бар буклеттер таратылды. Вокзалда есірткіге қарсы бейнероликтер көрсетілді.

Акция тек пойызды іске қосумен шектелмеді. Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін есірткіні қолданудың салдары туралы суреттер көрмесі, концерт және интерактивті алдын алу алаңдары ұйымдастырылды. Астана полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы Әлия Қибатқызы атап өткендей, құқықбұзушылықтың алдын алу – бұл құқық қорғау органдарының жұмысы ғана емес, сонымен қатар қоғамның және әрбір адамның жалпы жауапкершілігі. Сондықтан жобаға жастар, еріктілер, спортшылар және қоғамдық ұйымдар тартылды. Міндет – есірткінің салдары туралы ескерту ғана емес, қауіптен тұрақты түрде бас тартуды қалыптастыру және салауатты өмір салты, заң және жеке жауапкершілік күнделікті мәдениеттің бір бөлігіне айналуы керек екенін көрсету.

Жаңа пойыз жобасы «Астана – есірткісіз қала» жоспары аясындағы ауқымды жұмыстың бір бөлігі саналады және «Заң мен тәртіп» қағидаты шеңберінде іске асырылуда.

Суретті түсірген автор

ОРТА ДӘЛІЗ КӘСІПОДАҒЫН ДАМУЫ – ОРТАҚ МІНДЕТ



(Соңғы. Басы 1-бетте)

Орталық Азияда ХҚҚФ конгресінің шешімдерін жүзеге асыру тармағы бойынша күн тәртібіне жұмысшылардың құқықтары, теміржол қауіпсіздігі, жеткізу тізбегіндегі тұрақтылық пен жауапкершілік мәселелері шығарылып, сонымен қатар аймақтағы ХҚҚФ Конгресінің басымдықтарын іске асыру мәселесі таныстырылып, талқыланды.

– Ең алдымен біз бір-бірімізді түсіне алуымыз керек. Әсіресе қазіргі күрделі халықаралық жағдай мен қақтығыстар аясында бірқатар мәселелерді шешу оңай емес. Қазір дүниежүзіндегі кәсіподақтар да, олардың жұмыс істеу жағдайлары да айтарлықтай өзгерді. Десе де, біз бір-біріміздің алдымызда ортақ жауапкершілік арқалаймыз. Қазақстанға белгілі бір деңгейде қызығушылықпен қараймын. Егер сіздердің экономикаларыңыз шамамен 6% өсіп жатса, Еуропадағы жағдай әлдеқайда күрделі. Экономикалық өзгерістер құжаттарға да, көлік саласы қызметкерлерінің жағдайына да тікелей әсер етеді. Біз үшін Қытаймен және Ресеймен байланысты өңірлік өзара іс-қимылды терең түсіну өте маңызды. Өйткені қазіргі көлік және логистикалық үдерістер дәл осы бағыттардан бастау алады. Ынтымақтастық технологиялар, стандарттар және көлік жүйелерінің болашағы туралы ортақ мүдделерге негізделуі тиіс. Халықаралық үрдістерге қарасақ, Қазақстан теміржол саласында барған сайын маңызды бағдарға айналып келеді. Ол Еуропаның неміс тілді теміржол елдері үшін де назар аударарлық тәжірибе ретінде қарастырыла бастады, – деп атап өтті ЕФТ теміржол көлігі секциясының төрағасы Герхард Таунхер.

Жаңа технологиялар жүк тасымалы саласында, әсіресе осы ТХКБ сияқты жаңа жеткізу тізбектерінде сыналмақ. Бірақ олардың пайдасы жұмысшыларға, жолаушыларға және экономикаға қызмет етуін қамтамасыз ету аса маңызды.

– Жеткізу тізбектері барған сайын интеграцияланып келеді. Бүгінгі таңда көлік саласындағы еңбекті мүмкіндігінше төмен күнмен ұйымдастыруға ұтымтылық күшейіп келеді. Ол қосалқы мердігерлік арқылы да, еңбек стандарттарын әлсірету арқылы да көрінуі мүмкін. Әлемнің өзгеруі мен соңғы онжылдықтардағы тәжірибе бізге ешкімнің жалғыз өзі табысқа жете алмайтынын көрсетті. Негізгі сұрақ, кәсіподақтарды қалай күшейтеміз? Кәсіподақ жетекшілері әлемдегі технологиялық өзгерістерден хабардар болуын қалай қамтамасыз етеміз? Жаңа технологиялар еңбек нарығына әсер еткенде жұмысшылардың мүддесін қалай қорғаймыз? Бүгін біз әлемнің түкпір-түкпірінен – Еуропадан, Азиядан және басқа да өңірлерден келген достарымыздың ынты-

мақтастық үнін естіп отырмыз. Біз алдағы жылдары сіздердің табыстарыңызға өз үлесімізді қоспақ ойдамыз. Сондықтан мен ерекше мән беріп отырған мәселелердің бірі – Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан және басқа елдердің өзара пікір алмасуына мүмкіндік беретін желі құру. Олар қандай қиындықтарға тап болып отырғанын және ИТФ пен ЕТФ оларға қалай көмектесе алатынын ашық талқылай алуы керек, – деді Халықаралық көлік қызметкерлері федерациясының бас хатшысы Стивен Коттон.

ХҚҚФ бас хатшысы Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс, сондай-ақ АҚШ, Ресей және Қытай арасындағы геосаяси текетірес олардың арасындағы барлық елдерге әсер етіп отырғанын айтады.

– Транскаспий дәлізі сауданың үздіксіз жүруіне мүмкіндік береді. Ал ХҚҚФ үшін экономикалардың өсуі маңызды, өйткені бұл біздің мүшелеріміздің жалақысының артуына ықпал етеді. Ал шекарааралық сауда осы тұрғыдан өте маңызды. Сондықтан бұл дәліз біз үшін айрықша маңызға ие. Біз бүкіл өңірдегі кәсіподақтармен берік ынтымақтастық орнатқымыз келеді: жиі кездесіп, бірлесіп жұмыс істеп, кәсіби дағдыларымызды дамытып, ортақ сын-қатерлерді тереңірек түсінуді көздейміз, – деп түйіндейді сөзін Стивен Коттон.

«Қазтеміржолкәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев Орта дәліз немесе ТХКБ-ның Қазақстан үшін маңызы зор екенін жеткізді. Ол – Қытайдан Еуропаға жүк тасымалдауды қамтамасыз ететін тартымды бағдар. Сондықтан жыл сайын Қазақстан үкіметі де, Грузия үкіметі де және осы дәліз бойындағы барлық елдер оның инфрақұрылымын жақсартуға қомақты қаражат бөліп отыр.

– Жүк тасымалының көлемі артып жатыр. Әрине, бұл дәлізде біздің қызметкерлеріміз, кәсіподақ мүшелері жұмыс істейтіндіктен, біз де осы мәселелермен белсенді түрде айналыса бастадық. Жұмыс көлемі көбейсе, теміржолшыларға түсетін жүктеме де артады. Сондықтан біз бұл жерде ортақ тактика мен жұмыс тәсілдерін, сондай-ақ осы мәселелерге қатысты бірыңғай талаптарды қалыптастырғымыз келеді. Өйткені жаңа технологиялар енгізілуде, кадрларды қысқарту, кадрларды оқыту, қызмет көрсетуші компаниялардағы персонал санын арттыру сияқты мәселелер туындап отыр. Демек, кәсіподақтар бұл үдерістерге міндетті түрде тартылуы тиіс. Екінші маңызды мәселе – әлеуметтік құрамдақ бөлік. Бұл – ең алдымен жалақы, еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары. Біз айтқандай, жүктеме өссе, соған сәйкес осы еңбектің басқа да құрамдақ бөліктері де жақсаруы қажет. Осыған орай екі күн ішінде біз аталған мәселелерді, дәліздің маңызын және өзара іс-қимылымыздың маңызын талқыладық,

– деп ой бөлісті О.Ахметбаев.

Ал ХҚҚФ (ИТФ) теміржол бағыты жөніндегі жетекшісі Дениз Ақдоған болса, Астанада өткен кездесу Транскаспий дәлізі мен Орталық Азия елдерінің теміржол кәсіподақтарын біріктіріп, саламыздың болашағын, ең алдымен теміржолшылардың келешегін талқылауға берілген маңызды мүмкіндік екенін айтады.

– Бұл кездесудің маңызын қатысушылардың жоғары деңгейі мен кең өңірлік құрамы айрықша арттыра түсті. Еуропа, Орталық Азия және Азия-Тынық мұхиты өңірлерінен келген теміржол кәсіподақтарының жетекшілері мен өкілдері Транскаспий дәлізінің болашағына қатысты өзекті мәселелерді талқылау үшін бір алаңға жиналды. Бұл осындай ауқымды кәсіподақ өкілдерін Транскаспий дәлізінің келешегі төңірегінде алғаш рет тоғыстырған кездесу болды.

Транскаспий дәлізі қарқынды дамып келеді: жаңа инвестициялар тартылуда, инфрақұрылым жаңғыртылуда, жүк тасымалының көлемі өсуде. Алайда тұрақты даму лайықты еңбек жағдайымен, қауіпсіздіктің жоғары стандарттарымен, кәсіподақ құқықтарының сақталуымен, сапалы кәсіби даярлықпен және тиімді әлеуметтік диалогпен қатар жүруі тиіс. Дәліздің болашағын қалыптастыруда жұмысшылардың үні естілуі қажет. Сондықтан дәліз бойындағы теміржол кәсіподақтарының ынтымақтастығын нығайту ерекше маңызды, – деді ол.

Халықаралық басқосу шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Инновациялық орталығында ҚТЖ-ның еншілес компаниялары тарапынан ТХКМ қызметі таныстырылып, ұлттық компанияның бұл жоба бойынша атқарып жатқан жұмыстары, жетістіктері алдағы күн еншісіндегі жоспарлары сөз болды.

Қорыта айтсақ, Орталық Азия көлік кәсіподақтары көшбасшыларының кездесуіне қатысушылар екі күндік жиналыс нәтижесінде 2026-2029 жылдарға арналған келесі жұмыс жоспарын әзірлеп, келісті. Ол бойынша, бірінші субөңірлік желі құрылмақ. Бұл желі ИТФ/ХҚҚФ және ЕТФ тарапынан Орталық Азия- дағы кәсіподақтар мен үлестес ұйымдар мен кәсіподақтарға қолдауды күшейту үшін және ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу үшін қажет. Екіншісі, Орталық Азия өңіріндегі ТХКБ және басқа да халықаралық еңбек ұйымы (ХЕУ) стандарттарын енгізу. Орталық Азияға салынатын инвестициялар әсер ететін теміржол және өзге де бейінді көлік секторларында қолдануға болатын ХЕУ құралдарын (оның ішінде жұмыскерлердің әл-ауқаты мен әлеуметтік қорғалуы мәселелері) енгізу жөніндегі стратегиялық жоспар мен тұжырымдаманы әзірлеу келісілді.

Суреттерді түсірген Райхан РАХМЕТОВА

Заң мен тәртіп

ӨТКЕЛ ҚАУІПСІЗ БОЛСА...

Сексеуіл жол дистанциясында республикалық «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында «Қауіпсіз өткел» акциясы өтті. Дистанция телімінің Сексеуіл – Құрлық станциялары аралығындағы ІІ санатты теміржол өткеліне жиналған рейдке қатысушылар автокөлік иелерін тоқтатып, қауіпсіздік талаптарын түсіндіріп, жадынамалар таратты.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда-Сексеуіл

Бұл өткелден сағатына орта есеппен 248 автокөлік өтсе, Арал теңізі станциясы маңындағы ІІ санатты күзетілетін теміржол өткелінен бір сағатта шамамен 280 автокөлік өтеді екен.

Сексеуіл жол дистанциясының қызмет көрсету аумағындағы Сексеуіл – Қоскөл, Сексеуіл – Қазалы және Сексеуіл – Шалқар бағытындағы 364,2 шақырымда 15 теміржол өткелі бар. Оның 3-і күзетілетін болса, 12 өткел күзетілмейді.

Теміржол өткелдері – автомобиль және теміржол көліктері қозғалысы түйісетін қауіпті аймақтардың бірі. Сондықтан әрбір жүргізуші мен жаяу жүргінші жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтап, өткелден өту кезінде ерекше сақтық танытуы қажет. Қауіпті жағдай туындаса, тепловоз машинисі

жедел тежегіш қолданғанмен, пойыздың тежеу жолы ең кемі 500 метрге жететіндіктен, пойызды бірден тоқтату мүмкін емес. Осы себепті өткелдегі әрбір ереже бұзушылық адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

– «Қауіпсіз өткел» республикалық акциясы аясында Сексеуіл жол дистанциясына қарасты Сексеуіл – Құрлық станциялары аралығындағы 2318-шақырымның 8-жүздігінде орналасқан ІІ санатты теміржол өткелінде және Арал теңізі станциясы маңындағы 2371-шақырымның 1-жүздігінде орналасқан ІІ санатты күзетілетін теміржол өткелінде кең көлемді профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Іс-шараға Сексеуіл жол дистанциясының теміржолшылары, Арал теңізі және Сексеуіл станцияларындағы көліктегі полиция бөлімінің



қызметкерлері, сондай-ақ Арал қаласы мен Сексеуіл кенті өкімдіктерінің өкілдері қатыстырылып, автокөлік иелері мен жаяу жүргіншілерге темір жолдың аса қауіпті аймақ екендігі тағы бір мәрте түсіндірілді, – дейді Сексеуіл жол дистанциясының басшысы Мұрат Байділдаев.


Акция барысында жүргізушілерге жол қозғалысы ережелерін сақтау, теміржол белгілері мен бағдаршамдардың талаптарын мұлттық орындау, өткелге жақындағанда жылдамдықты төмендету, тыйым салынған белгі немесе дыбыстық дабыл берілген кезде темір жолды

кесіп өтпеу қажеттігі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Теміржол өткелдеріндегі жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін сақтамауы, теміржол белгілеріне немқұрайлы қарауы және өткелден өту кезінде асығыстық танытуы екені, ал мұндай жағдайлар тек материалдық шығынға ғана емес, адам өміріне қауіп төндіріп, пойыздар қозғалысының бұзылуына да әкелуі мүмкін екендігі айтылды.

Алдағы күндері Бесарық және Шорнақ станцияларында да осындай рейд өтетін болады.

Суреттерді түсірген автор

НАДЕЖНОСТЬ НАЧИНАЕТСЯ С ПУТИ



В первом полугодии в Алматинском отделении магистральной сети достигнуто улучшение состояния железнодорожного пути, что подтверждается выполнением планового показателя по балльной оценке на 119%.

В отделении ведется целый комплекс работ – от капитального и усиленного среднего ремонта пути до обновления рельсов, стрелочных переводов, регулировки бесстыкового пути и возведения ограждений.

– Главная задача этих мероприятий – обеспечить надежное состояние железнодорожной инфраструктуры и безопасность движения поездов, – отмечает начальник отдела пути Алматинского отделения магистральной сети Руслан Нұрболат.

За этот период в границах отделения силами дистанции пути ПЧМ Акадыр выполнен капитальный ремонт 8,1 километра пути при плане на весь 2026 год 16,6 километра. Работы ведутся на перегонах Отар – Чильбастау, Копан – Жирен – Айгыр, Уштобе – Каплы. На



участке Медеу – Алматы ремонт выполнен в полном объеме.

Кроме того, в этом году запланировано выполнение силами дистанций пути усиленного среднего ремонта 9,9 километра станционных путей: ПЧ-41 Актогай – 3,623 километра,

ПЧ-45 Уштобе – 2,7, ПЧ-46 Алматы – 3,5 километра. В первом полугодии отремонтировано 2,1 километра.

В августе начаты работы по сплошной смене рельсовых опор, план на 2026 год – 10,250 километра.

Более чем в два раза в отделении перевыполнили план по смене рельс старогонными – 6,5 километра при плане 2,6.

В первой половине года уложено 55 комплектов стрелочных переводов. При плане на год 110 комплексов получено 76, а также планируется переукладка 26 старогонных стрелок.

На текущий момент произведен ввод 206 пар плетей в оптимальный режим закрепления.

В целях улучшения состояния пути, балльной оценки и плавности хода по отделению запланирована работа по выправке пути с применением путевых машин.

Еще одними важными направлениями являются ремонт и строительство ограждений вдоль путей. В этом году в отделении ведется ремонт 1 414 километров и строительство 47,3 километра скотоизгородей. В первом полугодии произведен ремонт 209,1 километра ограждения. В рамках строительных работ на 9,5 километра выкопаны ямы, на 3,2 километра установлены стойки.

Любовь РОВБА
Фото автора

Закон и порядок

ГЛАВНОЕ – ВОВРЕМЯ ОСТАНОВИТЬСЯ

